

## Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінісі зардаптарын жою жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1198 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінісінен туындаған төтенше жағдай өңірлік ауқымдағы төтенше жағдай деп жариялансын.
2. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 2003 жылы болған жер сілкінісі зардаптарын жоюға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 153 (бір жүз елу үш) миллион теңге бөлінсін.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.
4. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 2003 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*